# «Сәби» Қорының
# XI Жас ақындар сайысы



## «Сәби» қоры ұйымдастырған XI ақындар сайысы туралы басты ережелер мен талаптар:

### 🎯 Басты мақсаты

1. Қалың жұртшылықтың назарын қазіргі заманғы балалар поэзиясына аудару.
2. Оқырман қауымға қазақ тілінің сөз байлығын, көркемдігін, тазалығын және мағына тереңдігін паш ету.
3. Қазақ тілін қазақ мәдениетінің әдеби және өнегелік негізі ретінде насихаттау.
4. Қазіргі заманғы қазақ тілді дарынды ақындарды анықтау, олардың шығармаларын көпшілікке, әдебиеттанушыларға және баспагерлерге ұсыну.
5. Олардың жұмыстарын балалар өлеңдерінің жинағына жариялауға қаржылай қолдау көрсетуге мүмкіндік, шығармашылық дамуына және елге танылуына ықпал жасау.

### 🎁 Марапаттар

Басты жүлде – ноутбук.

## 📋 Сайыс шарттары:

- Сайысқа қазақ тілінде өлең жазатын 7 жастан бастап 24 жасқа дейінгі авторлар қатыса алады.

  Тұратын жеріне, азаматтығына және ұлтына мән берілмейді
- Сайысқа әр түрлі жанрда қазақ тілінде жазылған, бұрын жарияланған, сол секілді ешқашан жарияланбаған саналы өлшемдегі поэтикалық шығармалар қатысады.
- Өлеңдердің тақырыптары: әр түрлі.
- Әрбір қатысушы өз таңдауымен ең жақсы 3 өлеңге дейін жіберуге құқы бар.
- Сайыс 2021 жылдың 25 қаңтары мен 2021 жылдың 30 мамыры аралығында өткізіледі.

## 🙅🏻‍♂️ Сайысқа қатысушының материалдарына қойылатын этикалық талаптар

**Мынадай материалдарды жариялауға жол берілмейді:**

- лексикасы нормативтен тыс мазмұндағы;
- нақтылы бір адамдардың ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіретін;
- порнографиялық және сексуальдық сипаттағы;
- балаларға жағымсыз кері әсер ететін;
- ұлттық, нәсілдік немесе соған ұқсас өзге сипаттағы;
- дінге қарсы және экстремистік сипаттағы;
- өмірден түңілген сипаттағы.

**Сайысқа қатысушылар басқа тұлғалардың авторлық құқықтарын бұзғаны үшін дербес жауапкершілік көтереді.**

сәби

## 📖 Сайыстың жұмыс органдары

- Сайысты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралардың тікелей жүзеге асырылуын «Сәби» Қайырымдылық Қоры (ары қарай – Ұйымдастырушылар) өз мойнына алады.
- Сайыстың редакциясы мен әділқазылар алқасы Ұйымдастырушылардың қалауымен жасақталады.
- Ұйымдастырушылар сайысқа арналған өлеңдерге алдын ала іріктеу жүргізуге құқығы бар.
- Ұйымдастырушылар Сайысқа жолданған өлеңдерді редакциялау құқығын өз мойнына алмайды.
- Ұйымдастырушылар Сайысқа жолданған өлеңдердің мазмұнына жауап бермейді.

## 👧🏻 👦🏻 Сайыс ұйымдастыру-шыларының құқығы

- Әрбір автордың іріктелген шығармаларын Ұйымдастырушылардың сайтында, әлеуметтік желілерінде жариялауға авторлар өздерінің өтінішінде жазбаша келісімдерін береді.
- Өздерінің жұмыс қызметінде Сайыстың материалдарын пайдалануға құқығы бар.
- Ұйымдастырушылар Сайыстың барлық кезеңдерінде үздік жұмыстарды қосымша ынталандыру құқығын өздеріне қалдырады.

📩 **Сайысқа қатысушы Ұйымдастырушылардың атына электронды пошта арқылы (alem@saby.kz) хат жолдайды, хатпен бірге:**

- Сайыстық өтініш тапсырады (өтініштің үлгісі ережеге бірге тіркелген), осылайша Ұйымдастырушыларға өз шығармаларын **saby.kz** сайтында және әлеуметтік желілерінде қайтарымсыз жариялауға өзінің сөзсіз келісімін білдіреді
- 3 өлеңі жазылған файлдар
- Қатысушының фотосы (ықылас бойынша)

## Сайыс қорытындысы

- Сайыс жеңімпаздарын анықтау
- Бас жүлде – ноутбукты сыйлау
- Сайыстың қорытындысын ақпаратты **saby.kz** сайтында және әлеуметтік желілерінде мәлімдеу

## 📝 Үлгі

**АҚЫНДАР САЙЫСЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІШ**

1. Аты, тегі, әкесінің аты
2. Туған жылы, айы және күні
3. Сізбен хабарласқанға болатын телефон нөмірі
4. Өзіңіз үнемі пайдаланатын электронды мекенжайыңызды (e-mail) көрсетіңіз
5. Сіз қай қалада немесе елдімекенінде тұрасыз?
6. Қандай оқу мекемелерінде оқыдыңыз немесе оқып жатырсыз ?
7. Қандай байқауларға, жарыстар мен шараларға қатыстыңыз?
8. Қандай марапаттар және қандай жетістіктеріңіз үшін алдыңыз?
9. Өзіңіз жайлы 10 сөйлем мөлшерінде қосымша мәліметтердіхабарлаңыз (биография, әуес және құмарлық істеріңіз)
10. Конкурс жайлы қайдан білдіңіз?

Конкурстың ережелері мен шарттарымен таныстым.

«Сәби» Қайырылымдылық Қорының сайттарында өзімнің жіберген жұмыстарымды төлемақысыз жариялауға келісім беремін

Қолы, аты-жөні

Жіберген күні, айы, жылы